




# КИНО 1: БЕЙНЕ – ҚОЗҒАЛЫС

Бейне-қозғалыс және оның үш түрі  
(Бергсонға екінші пікір)





Кітап: Кино 1: бейне – қозғалыс

Дәріс: Бейне-қозғалыс және оның үш түрі (Бергсонға екінші пікір)

## Фильмдер:

«Әлемнің алтыншы бөлігі» Д. Вертов

«Киноаппаратты адам» Д. Вертов

## Негізгі түйіндер:

1. Делөздің бейне-қозғалыс философиялық концепциясы, материализм мен идеализмнің «жігінде» сенімсіз контексте қолданылады.
2. Делөз «материя» және «бейне» түсініктерін теңестіреді.
3. Кино әлемнен шындықты емес немесе баяндауды туындатады: кинематографияның өмірге келуімен бейне әлемге айналмайды, бірақ, әлем — жеке бейне.
4. Бергсон: «Ғаламның өзі де кинематография секілді, метакино».
5. Бейне қозғалыстың негізгі үйлесімділігі материя мен жарықтың үйлесімділігіне қызмет етеді.

Бұл таза теориялық дәріс болғандықтан, ешқандай фильмдерден фрагменттер қолданбаймыз.

Психологияның тарихи дағдарысы кейбір ұстанымды сақтап қалу мүмкін емес сәтке сәйкес келеді: бұл ұстаным бейнелерді санаға, ал қозғалыстарды кеңістікке орналастыруды көздейді. Бұл уақытқа дейін санада тек сапалы және кең таралмаған бейнелер ғана орналасқан еді. Кеңістікте тек кең таралатын, ауқымды және сандық қозғалыстар ғана орналасатын еді. Алайда, енді бір тәртіптен екіншісіне қалай өтуге болады? Қабылдаудағы секілді қозғалыстар күтпеген жерден бейне туындатады немесе бейне, әдейі істелген әрекеттегі секілді, қозғалыстың туындауына септігін тигізеді дегенді қалай түсіндіруге болады? Миға сүйенсек, онда оған ғажайып қабілет беруіміз қажет. Оның үстіне, қозғалыстың ең болмаса виртуалды бейне болмауына, ал бейненің ең аз дегенде ықтимал қозғалысқа айналмауына қалай бөгет жасауға болады? Ең ақырында, материализм мен идеализмнің арасында орын алған қақтығыс тығырық болып көрінді, оның бірі сана тәртібін саф таза материалдық қозғалыстардың көмегімен қалпына келтіруге тырысса, екіншісі дүние тәртібін сананың қоспасыз таза бейнелері арқылы қалыптастыруға талпынады. Бейне мен қозғалыстың, сана мен заттың бұл екіжақты қасиетін қайткен күнде де жеңіп шығу қажет болды. Міне осы мәселені шешуге бір дәуірде бір-біріне мүлде ұқсамайтын екі философ Бергсон мен Гуссерль (Эдмунд Гуссерль – 1859–1938 жж., неміс философы, феноменологияның негізін қалаушы) іске кіріседі. Олардың әрқайсысы өздеріне тән жауынгерлік ұранын ортаға салды: кез келген сана бір нәрсенің санасы немесе кез келген сана әлдебір нәрсе болып табылады.

Шынында, бұрын өзіміз көргендей, Бергсон кинематографиядан түсінікіз, екі ұшты одақтастан басқа ештеңе таппаған болуы керек. Гуссерльге келетін болсақ, біздің білуімізше, ол кинематография туралы мүлде сөз қозғамаған. Кино мен феноменологияны қосымша салыстыруға тырысқан Мерло-Понти (Морис Мерло-Понти – 1908–1961 жж., француз философы) еді, бірақ ол да, киноны түсінікіз, екі ұшты одақтас ретінде қарастырды. Дегенмен, феноменология негіздері мен Бергсонның ашқан себептері бір-біріне жуыспайтын өзгеше, сондықтан да олардың қарама-қайшылығының өзі де бізге бағдар сілтейтін «Темірқазықжұлдызы» қызметін атқара алады. Феноменология «табиғи қабылдауды» және оның шарттарын қағида етіп қалыптастырды. Алайда, бұл шарттар - «кез келген сана бір нәрсенің санасы» деген әйгілі тұжырымда көрініс табатын әлемге ашықтықты, әлемдегі болмысты, әлемді қабылдайтын субъектінің «тамырын тереңге жаюын» анықтайтын экзистенциалдық координаттары... Демек, қабылданған немесе жүзеге асқан қозғалысты материяда жанданатын сезімнен тыс, ұғынықты форма деп емес, керісінше, нақты жағдайда сананың ниетіне байланысты қабылдау өрісін ұйымдастыратын, сезімдік пішін деп түсіну қажет. Бірақ, кино бізді заттарға қанша жақындатқанына немесе заттардан бізді алшақтатқанына қарамастан, және бізді олардың төңірегінде айналдырғанымен, ол бәрібір субъектінің тереңге бойлаған тамырын және әлем көкжиегін жояды, яғни ол табиғи қабылдау шарттарын жасырын біліммен және екінші мәрте ниеттенушілікпен алмастырады. Кино әлемнен шынайысыздықты көруді көздейтін басқа өнер түрлеріне ұқсамайды, бірақ ол өзі әлемнен шынайысыздық немесе хикая жасайды: кинематографияның арқасында бейне әлемге емес, керісінше әлемнің өзі бейнеге айналатын болды. Феноменология қандай да бір деңгейде кинематографияға дейінгі кезеңде тұрып қалғандығын байқауға болады, бұл оның шиеленіскен түсініксіз ұстанымын түсіндіреді: феноменология табиғи қабылдауға айрықша құқық береді, сондықтан да қозғалыс қалыптар мен ара қатынаста болады; сондықтан кинематографиялық қозғалыс бір мезгілде қабылдау шарттарын адал сақтамайтын құбылыс ретінде әшкере болады және, сонымен қатар қабылданушы мен қабылдаушыны, әлем мен қабылдауды «жақындатуға» қабілетті баяндаудың жаңа түрі



Кітап: Кино 1: бейне – қозғалыс

Дәріс: Бейне-қозғалыс және оның үш түрі (Бергсонға екінші пікір)

ретінде дәріптеледі.

Бергсон кинематографияның түсінікіз, екі ұшты одақтас екендігін мүлде басқаша әшкере етеді. Өйткені кино қозғалысты бұрмалайтын болса, бұл табиғи қабылдаудағы сияқты себептермен және дәл сондай тәсілмен жүзеге асады: «Біз болып жатқан шындықты көзді ашып жұмғанша тез түсіріп аламыз, қабылдау, ойлау, тіл әдетте осылай әрекет етеді».

## Бергсон

Басқаша айтқанда, Бергсонның айтуы бойынша, табиғи қабылдау үлгі бола алмайды және оның ешқандай айрықша құқығы жоқ. Заттардың тоқтаусыз өзгеретін жай-күйі, ешқандай тамыр жаю нүктесін де, ешқандай есептеу нүктесін де белгілеу мүмкін емес материя ағыны үлгі ретінде алынғаны дұрыс болар. Заттардың осындай құбылмалылығын ескере отырып, шұғыл және қозғалмайтын түсірілген кескіндерді күштеп міндеттейтін шамамен, тәуекел етіп алынған нүктелерде өзекті түйіндердің қалай қалыптасатындығын көрсету қажет. Демек, бұл жерде саналы, табиғи немесе кинематографиялық қабылдауды «бөліп шығару» туралы әңгіме болып отыр. Алайда, кинематография елеулі басымдылық ұсынуы ықтимал: өйткені онда тамыр жаюдың да және әлем көкжиегінің де орталық нүктелері жоқ, ол қолданатын кесінділер барған жолымен қайта оралуға кедергі жасамайды және бұл жолмен табиғи қабылдау төмен қарай түседі. Бір орталықсыздандырылған заттардың жай-күйінен орталықтанған қабылдауға қарай қозғалудың орынына, кино бір орталықсыздандырылған (acentré) заттарға қарай қайтып оралып, оларға жақындай алады. Жоғарыда айтылған жақындау туралы пайымдауды ескерсек, бұл - феноменологиялық көзқарасқа мүлде қарама-қайшы. Тіпті өзінің сыни пікіріне қарамастан, Бергсон оны өте жақсы игерді және өзі ойлағаннан да анағұрлым жақсы игерді. Біз бұған бұлтартпайтын дәлелді «Материя және жад» туындысының бірінші тарауынан көреміз. Шындығында, біз БЕЙНЕ = ҚОЗҒАЛЫС болатын әлемнің қарсы алдында тұрмыз. Көрініс табатындардың жиынтығын Бейне деп атаймыз. Бір бейне екінші бейнеге әсер етеді немесе оның әрекетіне жауап береді деп сенімді айту әзірге мүмкін емес. Орындалған қозғалыстан өзгеше болатын қозғалушы дене болмайды және қабылданған қозғалыстан ерекше болатын қозғалмалы дене жоқ. Барлық заттар, яғни барлық барлық бейнелер өздерінің әрекеттері мен қарсы әрекеттерімен сәйкес келеді: әмбебап құбылмалылық міне осындай. Әрбір бейне - тек «шексіз әлемге барлық бағытта таралатын өзгерістер өтетін жол» ғана. Әрбір бейне «өзінің барлық қырларымен» және «өзінің барлық қарапайым бөлшектерімен» басқа бейнеге әсер етеді және басқа бейнеге жауап қайтарады. «Қозғалыстар бейнелердің төркіні болғандықтан бізге толық түсінікті және бізге қозғалыстан өзге нәрсе іздеудің қажеті жоқ екені шындық». Атом дегеніміз өзінің әрекеті мен қарсы әрекеті бағытымен және солардың барған жеріне дейін қозғалатын бейне. Менің денем де – бейне, демек, әрекеттер мен қарсы әрекеттердің жиынтығы. Менің көзім және менің миым – менің денемнің бейнелері мен мүшелері. Менің миым бейнелердің бірі болатын болса, онда ол қалай бейнелерді қамтып ұстайды? Сыртқы бейнелер маған ықпал етеді, маған қозғалыс береді, ал мен қозғалысты оларға қайтарамын: егер менің өзім бейне, яғни қозғалыс болсам, қалайша бейнелер менің санада болады? Осы деңгейде қалайша мен өзім, көздерім, миым және денем туралы әңгімелей аламын? Бәлкім, тек жай ғана қолайлылық үшін болар, өйткені әзірге өзін-өзі бұлай анықтауға ештеңе мүмкіндік бермейді. Бұның бәрін газға айналған күй деп атау дұрыс болар. Дұрысы, мен және менің денем – үздіксіз алмасып тұратын молекулалар мен атомдар жиынтығы. Тіпті мен атомдар туралы айта аламын ба? Олар әлемдерден, атомдар арасындағы ықпалдардан өзгеше болмайды. Бұл материяның тым ыстық күйі болғандықтан, оның ішінен қатты заттарды айырып тану қиын. Бұл дүние - әмбебап құбылмалылық, әмбебап тербеліс, әмбебап шалпыл әлемі: өстері де, ортасы да, оң жағы да, сол жағы да, үсті де, асты да жоқ...

Әр алуан бейнелердің бұл шексіз жиынтығы ажырамас табиғи ішкі қасиеттер түрін құрайды. Осы тұрғыда, бейне өзімен – өзі өмір сүреді. Бейненің өзінде болатын бөлігі – материя: бейненің артына жасырынатын бір нәрсе емес, керісінше бейне мен қозғалыстың абсолютті ұқсастығы. Дәл осы бейне мен қозғалыстың ұқсастығы бізге бейне-қозғалыс пен материяның ұқсастығы туралы дереу қорытынды жасауға мүмкіндік береді. «Сіз менің денем-материя деп айтсаңыз да, немесе ол – бейне деп айтсаңыз да, бәрібір... ». Бейне-қозғалыс және материя ағыны мүлтіксіз бір нәрсе. Демек бұл материалдық әлем механизмдер әлемі ме? Жоқ, өйткені «Шығармашылық эволюция» кітабы көрсеткендей механизм жабық жүйелерді, байланыс әрекеттерін және қозғалмайтын қас қағым сәттік кесінділерді қамтиды. Бірақ, әрине, біз осы әлемде немесе осы планда жабық жүйелерді және аяқталған жиынтықтарды кесіп пішеміз; олардың сыртқы сипаттарының арқасында бұны жүзеге асыру мүмкіншілігі туады. Алайда, әлемнің өзі



Кітап: Кино 1: бейне – қозғалыс

Дәріс: Бейне-қозғалыс және оның үш түрі (Бергсонға екінші пікір)

бөліктердің бірі емес. Ол – жиынтық, бірақ шексіз жиынтық: табиғи ішкі қасиеттер планы – әр жүйенің бөліктерінің арасында және әр түрлі жүйелер арасында жүзеге асатын қозғалыс және бұл қозғалыс жүйелердің бәрін кесіп өтеді, оларды араластырады және жүйелерге толық жабық болуға кедергі жасап, оларды өзіне бағындырады. Сонымен қатар, ол – кесінді, бірақ Бергсонның қолданған терминологиясы мағынасының кейбір екі ұштылығына қарамастан, бұл қозғалмайтын және қас қағым сәтті кесінді емес, керісінше бұл қозғалмалы кесінді және уақытша кесінді немесе перспектива. Бұл «кеңістік-уақыт» блогы, өйткені оған онда өтетін қозғалыс уақыты әрдайым дәл осы «кеңістік-уақыт» блогына тиесілі. Тіптен, бұндай блоктардың немесе қозғалмалы кесінділердің шексіз топтамалары бар, олардың әрқайсысы әлемдегі қозғалыстардың бірізділігіне сәйкес табиғи ішкі қасиеттер планына сай болады. Ал планды пландар көрінісінен айыра тану мүмкін емес. Бұл механизм емес, бұл машинизм. Материалдық әлем, табиғи ішкі қасиеттер планы – бейне-қозғалыстардың өзара әрекет ету тәртібі. Бұл жерде Бергсон өз дәуірінде тың пікірлер айтып, әлдеқайда алда болды: бұл әлемнің өзі кинематографияға ұқсас, ол – метакино, осыдан киноға қатысты Бергсон өзінің сын пікірінде ашық ұсынған көзқарастан мүлде өзгеше көзқарас туындайды.

Алайда, ешбір адамға арналмаған және ешкімге жүгінбейтін өзіндік бейнелер туралы не айтуға болады? Көрінетін Құбылыс туралы қалай айтуға болады егер тіптен оны көретін көз болмаса? Бұған аз дегенде екі себеп бар. Бірінші себебі: өзіндік бейнелерді дене деп түсінетін заттардан айырып тану қажет. Шын мәнінде, біздің қабылдауымыз және тіліміз денелерді, сапаларды және әрекеттерді ажыратып көрсетеді. Дегенмен, әрекеттер, дәл осы нақты мағынада, қозғалысты өзі бағытталған уақытша орын немесе оның қол жеткізген нәтижесі туралы идеяға ауыстырған еді; сапа қозғалысты басқа жай-күй ауыстырғанша сақталатын жай-күй идеясына алмастырған еді; ал дене өзін жүзеге асыратын субъекті немесе оның ықпалына ұшырайтын нысан немесе оны тасымалдайтын көлік құралы идеясына алмастырды. Бұндай бейнелер яғни, бейне-қозғалыстар (images-action), бейне-сезімдер (images-affection, бейне-қабылдаулар (images-perception) расында әлемде қалыптасатындығын біз көп кешікпей көреміз. Алайда, олар жаңа жағдайларға тәуелді болады және әзірге көріне алмайды. Әзірше бейнелер болып есептелмейтіндердің барлығын ажыратып тану үшін қазірше бізде тек бейнелер деп аталатын қозғалыстар ғана бар. Бірақ, бұл жағымсыз себеп жеткіліксіз. Жағымды себептің мәнісі табиғи ішкі қасиеттер планы толығымен Жарықты ұсынатындығында. Қозғалыстардың, әрекеттердің және қарсы әрекеттердің жиынтығы - «ешқандай кедергісіз және ештеңе жоғалтпастан» жан-жаққа шашырап тарайтын жарық. Бейне мен қозғалыстың ұқсастығына материя мен жарықтың ұқсастығы негіз болады. Материя жарық болатындығы секілді бейне қозғалыс болып табылады. Кейінірек Бергсон «Ұзақтық және біремізгілік» атты еңбегінде Салыстырмалылық теориясынан шығатын «жарық жолақтары» мен «қатты сызықтар», «жарықтандырылған фигуралар» мен «қатты немесе геометриялық фигуралар» арасындағы айырбасталымдылықтың маңыздылығын атап көрсете білді: Салыстырмалылық теориясына сәйкес «жарық фигуралары қатты фигураларды өз заңды шарттарын сақтауға мәжбүр етеді». Бейне – қозғалыста әзірге қатты денелер және қатты сызықтар жоқ, жарық сызықтар немесе фигуралардан басқа ештеңе жоқ. Кеңістік – уақыт блоктары осындай фигуралардан тұрады. Бұл өзіндік бейнелер. Олар ешкімге көрінбейді, яғни көзге көрінбейді, себебі қазірше жарық әлі шағылыспаған немесе тоқтатылмаған, және ол «ешқандай кедергісіз таралып, ешқашан байқалмаған». Басқаша айтқанда, көз заттарда, жарықтандырылған бейнелердің өздерінде болады. «Фотосурет, егер фотосурет бар болса, әлдеқашан кеңістіктің барлық бұрышынан заттардың өздерінің ішінде түсірілген және басып шығарылған...».

Бұл жерде жарықты рухпен жақындастырған және сананы заттарды өздерінің жаратылысынан біткен бастапқы қараңғылығынан шығаратын шоқ сәуле ретінде қабылдайтын барлық бұрынғы философиялық дәстүрден алшақтау бар. Феноменология бұл ежелгі дәстүрге толығымен қатысты; жарықты ішкі жарық етудің орнына ол оны сыртқа ашты, бұл сананың электр лампасының сәулесіне алдын ала ниеттенгендігін еске салады. Бірақ Бергсонның пікірінше, бәрі мүлде басқаша. Заттардың ештеңе жарықтандырмай-ақ, олардың өздерінің жарығы мол: кез келген сана әлдебір нәрсе болып табылады, ол затпен бірігеді, басқаша айтқанда жарық бейнесімен қосылады. Бірақ, бұл жерде әңгіме төңіректің бәріне таралған және бірақ байқалмайтын толық құқықты сана туралы; бұл жерде әңгіме барлық заттарды және барлық бұрыштан түсірілген және басып шығарылған, бірақ «бұлдырлау» фотосурет туралы. Ең ақырында нақты сана табиғи ішкі қасиеттер планындағы қандай да бір орында, әлемде қалыптасатын болса, бұның себебі арнайы бейнелер жарықты тоқтатады немесе жарықты шағылыстырады және табақшаға жетіспеген «қара экранмен» қамтамасыз етеді. Ұзын сөздің қысқасы, жарық – сана емес, бейнелер жиынтығы немесе сананы білдіретін жарық материяға жаратылысынан тән. Біздің нақты санамызға келетін болсақ, ол тек



Кітап: Кино 1: бейне – қозғалыс

Дәріс: Бейне-қозғалыс және оның үш түрі (Бергсонға екінші пікір)

бұлдырлық қана, бұл бұлдырлықсыз жарық «әрқашан кедергісіз таралып, ешқашан байқалмайтын еді». Осы тұрғыдан алғанда, Бергсон мен феноменология арасындағы қарама-қайшылық түбегейлі екендігі анық.

Сонымен, табиғи ішкі қасиеттер планына немесе материя планына біз бейне-қозғалыстардың жиынтығы, жарық жолақтарының немесе жарық фигураларының жиынтығы, кеңістік-уақыт блоктарының топтамасы деп анықтама бере аламыз.

Бәрі барлығына қарсы әрекет ететін, орталықсыздандырылған мына әлемде не болып жатыр және не болуы ықтимал? Біз өзге, табиғаты бөлек факторды оған енгізбеуге тиіспіз. Бұндай жағдайда келесі әрекет іске асуы мүмкін: планның кез келген нүктесінде межелдеме, әрекет пен қарсы әрекет арасында қашықтық пайда болады. Бергсонға бұдан басқа ештеңенің қажеті де жоқ еді: қозғалыстар және оның әлем теориясы бірліктері ретінде қызмет атқаратын қозғалыстар арасындағы межелдемелер. өзінің кино туралы материалистік тұжырымдамасында Дзига Вертов (Дзига Вертов – 1895–1954 жж., кеңестік кинорежиссер, сценарист. Деректі кино өнерінің негізін қалаушылардың бірі және теоретигі) та дәл осы көзқарасты қорғады. Ең алдымен, кейінірек зерек немесе сезімтал деген атауға ие болатын мамандандырылған қыры оған ықпал ететін бейнелерге немесе қоздырылған күйлерге ерекше әсер етеді: бұл мамандандырылған жағы әлемде бір-бірімен бәсекелесетін және бірге әрекет ететін бейнелердің кейбіреулерін оқшаулағаны сияқты. Міне осы жағдай жабық жүйелердің, «картиналардың» қалыптасуына мүмкіндік береді. Жанды тіршілік иелері «немқұрайлы қарайтын сыртқы әсерлер олар арқылы кідірмей өтеді; қалғандары алғашқыларынан бөлініп, оқшауланады да, осы оңашаланудың арқасында қабылдауларға айналады». Бұндай үдеріс кадрлеуде жүзеге асады: жанды тіршілік иелерінің ықпалына ұшыраған кейбір әрекеттер кадрде оқшауланады, сондықтан, өзіміз көріп отырғанымыздай, оларды біз ертерек байқаймыз және бұрын сезінеміз. Бірақ, екінші жағынан, жүзеге асатын қарсы әрекеттер әсерге ұшырайтын әрекетке тікелей ілеспейді: межелдеменің арқасында, бұл қарсы жауап әрекеттер кейінге қалдырылады және элементтерді іріктеуге, оларды ұйымдастыруға немесе оларды қол жеткізілген қоздырылған күйден жай ұзартудың көмегімен шығару мүмкін емес жаңа қозғалысқа енгізуге уақыт алады. Ойда болмаған тосын немесе жаңа нәрсені көрсететін бұндай жауап әрекеттер сөздің тура мағынасында «әрекет» деп аталады. Осылайша жанды бейне - «қабылданған қозғалысқа қатысты талдау құралы және жүзеге асырылған қозғалысқа қатысты іріктеу құралы» болады. Қабылданған қозғалыс пен жүзеге асқан қозғалыс арасындағы межелдеме немесе қашықтық құбылысының арқасында ғана жанды бейнелер айрықша құқыққа ие болады, сондықтан олар бейне-қозғалыстардың орталықсыздандырылған әлемінде қалыптасады.

Біз әзірге бейне-материя-қозғалыстан шықпадық. Миға келетін болсақ, онда әрекеттер мен жауап әрекеттердің арасындағы межелдеме мен қашықтықтан басқа ештеңе жоқ. Әрине, ми бейнелер бастау алатын бейнелер орталығы емес, керісінше оның өзі өзге бейнелердің арасында айрықша бейнені қалыптастырады және бейнелердің орталықсыздандырылған әлемінде белгісіздік орталығын құрайды. Бірақ, «Материя және жад» кітабында Бергсон бейне-мидің көмегімен бірден жандының өте күрделі және ұйымдастырылған хал-күйін анықтады. Бұл, бір жағынан, аталмыш туындыда өмір мәселе ретінде қарастырылмағандығымен түсіндіріледі «Шығармашылық эволюция» еңбегінде ол өмірмен байланысты мәселелерді қарастырады, бірақ ол оларды басқа көзқарас тұрғысынан зерттейді. Дегенмен, Бергсон өз еркімен қалдырған бос жерлерді толтыру қиын емес. Ең қарапайым жанды тіршілік иелері деңгейінде микро-межелдемелерді қарастыру қажет. Біртіндеп үдейтін қозғалыстар арасындағы үздіксіз азаятын межелдемелер. Бұған қоса, биологтар тіршілік иелеріне өмір сыйлаған «тіршілікке қажетті сорпа» туралы сөз қозғады және бұнда оңға қарай айналатын және солға қарай айналатын материялар маңызды рөл атқарады: дәл осы жерде, орталықсыздандырылған әлемдегі өстердің және орталықтардың, оң жақ және сол жақ, жоғары мен төменнің «нобайлары» пайда болды. Микро-межелдемелер «тіршілікке қажетті сорпада» да бар деп бағамдау қажет. Әйтсе де, биологтар бұндай құбылыстар жер тым ыстық болған кезде пайда бола алмады деген пікір айтады. Демек, жарықтың таралуына тосқауыл болған алғашқы экрандарға, алғашқы бұлдырлыққа байланысты табиғи ішкі қасиеттер планының салқындауын негіз етіп алу қажет. Міне осы кезде ғана қатты денелердің немесе қатты геометриялық денелердің алғашқы «нобайлары» қалыптасты. Ақыр аяғында, Бергсон атап айтқандай, материяны қатты денелерде ұйымдастырған эволюция нысаналары қатты денелер болатын үздіксіз дамып жетілетін қабылдауда бейнені де ұйымдастырады.